

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

Желтоқсан айы 2025 жыл | № 12 (53)

Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік
Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2025 жыл Телефон: 8 777 087 6843

Развитие парикмахерского искусства на современном этапе

МУХАМЕДАЛИЕВА СОФИЯХАН ЮЛДАШОВНА

Жамбылская область Шуский район с Тале би

ГККП «Школа искусств»

Руководитель кружка "Парикмахерское искусство"

Как и всякое творчество, парикмахерское искусство активно развивается. Усовершенствуются инструменты и оборудование, которые максимально снижают риск негативного воздействия на волос. Салон красоты сегодняшнего дня можно представить таким - это место, объединяющее высокие технологии, широкий спектр услуг, бытовой комфорт, душевный покой и хорошее самочувствие. Парикмахеры с удовольствием воспринимают новое веяние: место предоставления услуг привлекает приятной обстановкой, которая эффективно содействует работе и заставляет почувствовать себя очень комфортно.

Содержание

В наше время появилось очень много новых видов электрощипцов. Они быстрее делают локон, быстрее выпрямляют, всего за пару секунд. Используются разные средства для выпрямления волос, чтобы не повредить волосы электрощипцами.



Появились электрощипцы защищающие от высокой температуры волосы, это Лазер- ионные щипцы : лазер-ионная система генерирует 2.000.000 отрицательных ионов в секунду, керамико- ионные пластины : волосы здоровые и шелковистые, сверхновая поверхность для улучшенного скольжения. Ульстрабыстрые.



Готовы к работе через несколько секунд. Термоустойчивый пластиковый корпус. Дополнительные кожухи для повышенной защиты рук мастера и шеи клиента от высокой температуры. Польза от ионизации : ионы - это заряженные частицы, которые при воздействии на волосы восстанавливают их, увлажняя, давая блеск и гибкость после воздействия волосы выглядят более здоровыми и шелковистыми. Это позволяет улучшить качество выпрямления, получая более здоровые, глянцевые и шелковистые волосы. Горячая укладка, конечно, великое изобретение. С ее помощью можно придать форму и объем любым, даже самым слабым, тонким и редким волосам. Что касается вредного воздействия горячей укладки на волосы, то эта проблема долгое время казалась неразрешимой. Единственный способ, который рекомендовался в помощь иссушенным феном или щипцами волосам, - усиленное питание, то есть применение масок. Этот совет остается актуальным и сегодня. Спасает ситуацию появление новинок - термозащитных средств.



Это шампуни, бальзамы, увлажняющие спреи, питательные муссы. Они предназначены для защиты волос от повреждения горячей укладкой и нормализуют деятельность сальных желез. Ингредиенты этих препаратов активизируются при нагревании и нейтрализуют вредное воздействие тепла на волосы. Термозащитные средства делятся на две группы: те, что смываются водой: шампуни, кондиционеры, ополаскиватели, и термосредства для укладки. Все они защищают волосы, от корней до кончиков, и придают прическе объем. Обычно в такие средства добавлены экстракт зеленого чая, витамины E, B5 и натуральные протеины, которые предотвращают иссушение волос. В основе электрической завивки также лежит принцип изменения формы волос под действием высокой температуры.

Температура создается непосредственно электричеством, т.е. путём нагрева спирали, расположенной внутри стержня, на который наматывается завиваемый волос. В настоящее время существуют электрические щипцы различной формы: треугольные щипцы, которые имеют зажим треугольной формы, позволяющий формировать локоны с резким заломом и оставлять волосы прямые на концах; щипцы «вейвмейкер» с рельефными нагревающимися пластинами, позволяет делать круглые волны ; щипцы выпрямители с плоскими пластинами.

Для выполнения работы необходимо расположение рабочего места, а также необходимый инструмент. Рабочее место парикмахера оборудуется столиком, зеркалом и креслом.

Заключение

Современная мода позволяет нам не ограничиваться рамками определённого обзора или стиля. Сегодня актуальные и кудрявые, так и прямые волосы. В мире современной моды интересным является тренд, основанный на резком контрасте гладкой прикорневой зоны с волнистыми нижними прядями. Всего лишь несколькими завитками можно создать образ, стиль, подчеркнуть индивидуальность. Многогранность технике горячей укладки, подчёркивает на данный момент существование большого разнообразия материалов и оборудования, а также появились усовершенствованные утюжки, новые лазеро-ионные щипцы. Все это позволяет учитывать индивидуальные особенности клиента, удовлетворять их желание, потребности, а для мастера этот процесс становится более интересным и креативным.

«Сәндік-қолданбалы өнер»

АКЖОЛОВА АЙАУЖАН АМАНОВНА

Жамбыл облысы Шу ауданы

"Өнер мектебі" КМҚК

"Қолданбалы сәндік өнер" үйірме жетекшісі

Адамның өмірдегі эстетикалық талғамын қалыптастыруда өнердің алғашқы түрі сәндік- қолданбалы өнер айрықша роль атқарады. Өнердің бұл түрі халық тұрмысымен тығыз байланысты. Ұлттық көркем өнердің дамуына көз жіберіп қарасақ, өмірді шынайы бейнелеуде әр халықтың өзіне тән көз қарасы, өз тәсілі бар. Сәндік – қолданбалы өнерді білу адамның жалпы өнер жайлы, оның сипаты мен өзіндік көркем тілі туралы мағлұматын толықтырады.

Қазіргі өмір талабы оқу , тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып, сапалы, әдепті ұрпақ тәрбиелеу. Технология сабақтарында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізілетіндігін, оны меңгеру үшін ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Сондықтан оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақты түрлендіріп өткізуге ұмтыламын.

Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиясын меңгертуде қазақ халқы нақты қағидаларды (еңбек түрлеріне баланы жастан баулу, оларға сыйластық көзқарасты қалыптастыру, еңбек түрлерін біріндеп күрделендіріп отыру ұжыммен бірлесе отырып еңбек етуге баулу және т.б.), педагогикалық принциптерді (халықтық, табиғилық, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, бірізділік, жас және дара ерекшеліктерін ескеру, өмірмен байланыстылық және т.б.) тірек еткен. Өртүрлі әдіс-тәсілдерді (көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, тапсырма беру, жаттықтыру, сендіру, сенім арту, мақтау, мадақтау, марапаттау, түзеу, бағалау, қолдау, ынталандыру және т.б.) пайдаланған тиімді.

. Қолөнер ғасырлар бойы дамып қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп жаңарып келіп атадан балаға қалған мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі өнер . Ол арқылы біз үлкен рухани эстетикалық тәлім алып өнер әлеміне қанат қағамыз. Өнер туындылары белгілі бір дәуірде, сол дәуірде өмір сүрген халықтың тұрмыс тіршілігін бейнелейді. Халықтың асқақ арманын, табиғат сұлулығын, ішкі жан сезімін өнер арқылы білдірген. Өнер туындылары арқылы белгілі бір халықтың тарихын білуге болады.

Сонымен қатар фетрден ұлттық киімдер тігу. Ең көп тараған түрі камзол тігу. Камзолдың материалы көбінесе түкті матадан, барқыт пен шұғадан да тігеді. Міндетті түрде бір түкті матадан тігілу керек. Бүгінгі таңда камзол түрлерін фетрден дайындау үлгілері қолға алынуда.

Киім-кешек ұлт байлығы. Ұлттық киімдерімізге қарап, халқымыздың эстетикалық талғамының нәзік те бай екеніне көз жеткізуге болады. Ата-бабамыз ұрпақ тәлім-тәрбиесіне өмірінің жалғасы деп қарап, «Адамның көркі шүберек» деген. Жас шамасына дәулетіне қарай үйлесімді, шаруасы да, сауыққа да ыңғайлы киім киген. Қазіргі таңда осы камзол түрлерін фетрден тігіп жатыр. Осындай фетрден тігілген камзолдар өте әдемі, ыңғайлы және түстері де өте әдемі болып келеді.

Сондықтан да технология сабақтарында қыз балаларға фетрмен жұмыс түрлерін дайындауды үйрету қажет деп ойлаймын.

«Өнер таусылмас қазына», жұтамас байлық -дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнері өзінің өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы.

Ата бабаларымыздың өмірі көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Бабаларымыздың ұрпақтан ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнері арқылы жеткен. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы сәндік өнердің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына ықпалын тигізеді.

Тігін өндірісінің технологиясы**ДЖАКИПБЕКОВА САНДУГАШ ДЖУМАХАНОВНА***Жамбыл облысы Шу ауданы "Өнер мектебі" КМҚК**"Киім үлгісі" үйірме жетекшісі*

«Тігін өндірісінің технологиясы» мамандықтары бойынша кәсіби тұрғыда мамандар дайындау үшін ұлттық киімдерді жобалау және тігу технологиясын оқыту пәндердің негізгілерінің бірі болып саналады. Қазіргі кезде тігін бұйымдарының, ассортиментін көбейту мен көркем безендіруде ұлттық киімдерді зерттеу және оны сән өнерінің бағыттарына сәйкес дамыту маңызды мәселелердің, бірі болып табылады. Оқулықта халықтың ұлттық мұрасына негізделген ерлер мен әйелдер киімдерінің түрлері, қазақтардың негізгі киімдеріндегі көркемдік элементтер анықталып қарастырылады. Пішімнің ұлттық ерекшеліктері ескеріліп, шапан, кеңсеге киілетін куртка, бас киімдер, той жабдықтарын құрастыру суреттеледі. Бұл бұйымдарды жасауда еңбек піығынының жүйесі мен технологиялы реті қарастырылады. Ұлттық бұйымдар үлгілерін тиімді орналастыру, мата мен қосымша материалдар шығынын анықтап, техникалық тұрғыда түрлі қатпарлар дайындау тәртібі көрсетілген. Бұл пәннің мақсаты- оқушылардың ұлттық киімді зерделеуге дайындау және оның, көркемделуін, пішімін, пішімі мен олардың негізінде заманауи ұлттық нақыштағы ерлер мен әйелдердің ұлттық киімдерінің, ассортимента жасау, ондағы конструкторлық; қажетті сызбалық құжаттарды дайындау, әр түрлі шағын және орта бизнес өндірісі жағдайында киюге қолайлы, жоғары эстетикалық және функционалды қасиеттері бар киюге ыңғайлы, қонымды ұлттық киімдермен елді қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызу.

Ұлттық киімдерді дайындау және әр түрлі киім ассортименттерінде ұлттық элементтерді пайдалану қаншама жылдардың зерттеу мәселелерінің бірі болып табылады. Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздікке қолжеткізуіне орай ұлттық мәдениетті қайта өркендету қолға алынған жағдайда ұлттық киімдерді тарихи түп-тамырына сәйкес, сондай-ақ бүгінгі күн сән бағытының, даму талаптарына сай өндіру қажеттілігінің арта түскендігіне күмән жоқ. Қазіргі заманға ұлттық киімдерді дайындау барысындағы оларды модельдеу, дұрастыру әдістері мен тігу технологиялары да өзіне тән жаңашылдыққа ие. Жалпы, ұлттық киімдер ассортименттерінің түрлеріне ерлер, әйелдер және балалар киімдері жатады. Суретші ою-өрнекті киім бөлшектері бойынша табиғи мөлшерінде жасайды. Ою-өрнектің суреті калька қағазында немесе қатты қағазда орындалады. Кестелеуші суретті контуры бойынша машинамен шаншиды (2-сурет). Жапсырмаға арналған материалдар (қамқа, дүрия, түрлі-түсті жібек және т.б.) пішін тұрақтылығын сақтау үшін желімдік флизелинмен желімделеді.

Бұйымның, теріс жағынан берілген пішім орны бойынша шаншылған калька немесе сурет салынған қағаз жапсырылады және арнайы түрлі-түсті пудра немесе түрлі-түсті бор және тампон арқылы сурет матаға белгіленеді. Содан кейін қарындашпен шеттіктеледі. Бұйымның өң, бетінен беті сыртына қаратылып жапсырылатын жапсырма мата төселеді және суреттің, контуры бойынша машиналық тігіммен бастыра тігіледі. Жапсырма матасы кейбір жағдайларда арнайы себілімдік толтырылумен қосымша бекітіледі. Содан соң ою-өрнек элементтерінің контуры бойынша сурет қолмен қиылады. Суреттің, шеттері ирек тігіспен бастыра тігілетін арнайы бау арқылы бекітілуі мүмкін. Сурет контуры «кардоне» техникасы арқылы бекітілуі мүмкін, яғни сурет контуры бойынша үстінен метанитьпен немесе жібекпен тығыз төселетін қалың қатан, жіп салынады. Сурет контуры біз кестелік шынжырлы «ілімектен ілімекке» инешаншымы арқылы бір немесе бірнеше қатар түзіп арнайы біз кестелеу машинасымен бекітілуі мүмкін.

**Ерекше қажеттіліктері бар балалардың
танымдық дамуын ынталандыру әдістері**

РАТБЕКОВА АРАЙЛЫМ ОРЫНБАСАРОВНА

*Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
«Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ
Педагог-психолог*

Қазіргі уақытта қоғам кәсіби еңбек ету барысында болашақ маман иесінен қажетті психологиялық – педагогикалық тәсілдерді меңгеруді талап етіп отыр. Педагог қауымы өз бойындағы жеке ерекшеліктерімен қатар, балалардың психологиялық ерекшеліктерін ұжымда дамуы мен қарым – қатынас жасау психологиясын, өзін – өзі меңгере алу технологиясын білуі қажет екенін назарға салып келеді. Қазіргі таңда педагогтың инновациялық үдерісіндегі әдәс — тәсілдерінің негізгі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп, білім мен тәрбиені қатар меңгеруіміз тиіс. Осыған орай, баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау, тәртібін, іс – әрекет дағдыларын, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру, эмоциялық көңіл – күйін, баланың жеке басының әлеуметтік статусын көтеру болып табылады. Белгілі ұлы педагог Ушинский: «Баланы жан – жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан – жақты білу керек» деген. Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Балалар өздерінің құрдастарына қарағанда кеш дамиды. Олардың ойлары тұрақсыз, танымдық белсенділіктері жеткіліксіз болып келеді. Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың қоршаған орта туралы түсініктері зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл – қозғалыс координацияларының жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан ерекше оқытуды қажет ететін балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындықтарды құрайды. Бұндай қиындықтардың алдын – алу мақсатында ойын элементтері әдістерінің маңызы зор. Ойын баланың танымдық белсенділігін арттыратын әдіс. Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой – өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамытуға үлкен септігін тигізеді. Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады.

Ойын – оқушының оқуға деген ынтасын, қызығушылығын, белсенділігін арттыратын құрал. Сондықтан да ерекше білімді қажет ететін бала сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оны жалықтырмай әртүрлі ойын-жаттығуларымен сабақты қызықты өткізуге болады. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

- Мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, мектеп, сынып, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар.
- Қимыл — қозғалыс ойын-жаттығулары: «ұшты-ұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», «мысық пен тышқан» т.б.
- Дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, сен жалғастыр, дәл тауып айт т.б.
- Құрылыс ойындары: лото және басқа конструкторларды пайдалану.
- Моторикалық ойын — жаттығулар: мозайка, құм терапиясы, су терапиясы, ұсақ моторикалық ойын элементтері – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс.

Ойын арқылы бала бойынан барлық тапсырмаларды орындау нәтижелерін көру үшін, ойын-тапсырмаларды, танымдық ойын-жаттығулар, ойын терапияларын және де қолдарының ұсақ моторикасының қалыптасуына алғышарт бола алады. Моториканың дамымай қалуы, жазу қабілетінің баяулауына және бұзылуына алып келеді. Баланы тәрбиелеу кезінде арнайы жаттығулар мен сергіту ойындары арқылы баланың дамуына ықпал етуге болатыны дәлелденген тәсіл. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың іс-әрекетін дамытудағы ойын – жаттығулар:

«Суретті есіңе сақта» ойыны. Мақсаты: көру, есте сақтау және зейінін дамыту. Қажетті құралдар: бала санына қарай ойын үлестірмелері; Ойынның жүру барысы: әр балаға ойынға арналған үлестірмелерді таратады және зейін қойып назарларын аударуын сұрайды. Балалар кезекпен жауап беріп отырады. Кейін үлестірмелерді ауыстырады. Үлестірмелі парақшада зейін қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар. Ойын осылай жалғаса береді.

«Сандық сөздік» ойыны. Мақсаты: берілген сандардың астындағы әріптерді ретімен орналастырып сөз құрау. Сөздік қорын молайту, оқу дағдысын қалыптастыру. Барысы: «Балалар бұл ойында берілген сандардың астындағы әріптерді ретімен орналастырып сөз құраулары керек»

Су терапиясы «Балықтар» жаттығуы. Судың ішінде жүзіп жүрген балықты қармақпен бір балықты ұстап алып шығу. Сиқырлы балықтың қояр сұрағына балалардың жауап беруі.

Құм терапиясы. «Құммен ойын». Құм ойыны арқылы бала қиындықты жеңе білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады. Белгілі педагог В.А Сухомлинский былай деген, “Бала ақылы – саусақтың ұшында орналасқан”.

«Құмырадағы пипетка». Мақсаты: қолдың қимыл қозғалыстарын дамыту. Зейінін шоғырландыру. Қажетті құралдар: су толтырылған пластмасса ыдыс, пипетка. Құмыра түрлі түсті жолақтармен бөлінген.

«Моншақтарды пинцетпен ауыстыру». Мақсаты: ұсақ қимыл қозғалыстарын дамыту. Қол саусақтарының қимылдарын жетілдіру.

Балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда аталған танымдық ойын түрлерін қолданып, ойын арқылы бала сенім-сезімдерін, танымдық іс-әрекеттерін дамытуда нәтижелер бала бойынан көрініп, оң нәтиже танытып келеді.


Ұлттық ою-өрнектер

КОНАРБЕКОВА ГУЛЖАНАТ АБИЛХАСОВНА

Жамбыл болысы Талас ауданы Қаратау қаласы

№4 "Үміт" арнайы мектеп-интернаты

Тәрбиеші

Білім беру ұйымының атауы:	№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты	
Күні:	22.11.2024 ж	
Тәрбиеші:	Конарбекова Г.	
Сыныбы:	Топпен	
Тақырыбы: Қауіпсіздік сабағы:	«Ұлттық ою-өрнектер» Еңбек құралдарымен жұмыс барысында оқушыларға арналған қауіпсіздік ережелері	
Сабақтың мақсаты:	Ұлттық дәстүр арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу. Ой-өрістерін, тіл байлығын дамыту, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Білімділік: Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық ою-өрнектердің ерекшеліктерін түсіндіру. Дамытушылық: Ою-өрнектің түр-түсін және аттарын ажырата білуге жаттықтыру. Тәрбиелік: Халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.	
Міндеті:	Көру, есту, зейін, ес және ойлау қабілеттерін дамыту	
Көрнекілігі:	Тақырыпқа байланысты суреттер, нақыл сөздер, қима қағаздар, фетр	
Дәйексөз:	«Жауапкершілік-адамгершілік қасиеттің көрнісі»	
Үлестірмелі материалдар	Ақ парақ, түсті фетр, желім, қайшы, дымқыл сулық, Қоржын, асықтар, ою түрлері үлгі.	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Сабақтың басы:	I. Ұйымдастыру кезеңі 	Оқушылар амандасып, шаттық шеңбер орындап, орындарына

	<ul style="list-style-type: none"> - Балалар, қонақтармен амандасамыз. - Саламатсыздар ма? - Бір-біріне сәттілік тілейді. <p>Сұрақ-жауап</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқы басты шаруасы не болған? - Не өсірумен айналысқан? - Не өндірген? - Басты шаруасын ата? 	<p>жайғасады</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауапбереді</p>
<p>Сабақтың ортасы:</p>	<p>Бейне ролик көрсетіледі:</p> <p>II. Кіріспе сөз</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Ұлттық ою-өрнектер». - Сіздер ұлттық ою-өрнек түрлерін, шығу тегін білесіңдер. - Ою-өрнек өнері гасырлар бойы қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрі болып келеді. Үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды, ұлттық киімдерді, бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған. <p>Топқа бөлу: Оқушылар ортадағы жасырылған ленталарды суыру арқылы, таңдаған түсті ою арқылы, көк немесе қызыл топқа бөлініп, орындарына жайғасады</p> <p>III. Негізгі бөлім</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ою-өрнектер негізінен неше түрге бөлінеді? - Ою-өрнектер негізінен төрт түрге бөлінеді. - Ою-өрнек түрлерін атаңдар. - Жануар тектес, өсімдік тектес, ғарыштық, геометриялық. - Жануар тектес оюлар болып бөлінуінің себебін айтыңдар. - Жануар тектес оюлар – жануарларға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер. 	

IV. Бөлім

Өзіндік жұмыс

Жоспар.

1. Мата таңдау.
2. Бұйымды пішу.
3. Шаблонмен оюды ою.
4. Оюды бұйымға жапсыу.
5. Бұйымды сәндеу.
6. Бұйым кесінділерін өңдеу.
7. Бұйымға бау өткізу.

V. Талдау

- *Жарайсыңдар, балалар!*
- *Әр ою–өрнектің астарында мағына болады.*
- *Суреттер көрсетілген оюларды атап, мағынасы нені білдіретінін айтыңдар.*
- *«Қошқар мүйіз» оюы - (молшылық)*
- *«Ағаш» оюы - (ынтымақ, бірлікті)*
- *«Ирек» оюы - (адамның өмір жолы)*
- *«Су», «шеңбер» оюы - (жарық, өмір жолы дегенді білдіреді)*

- *Түстедің де өз мағынасы бар.*
- *Көк түс - (аспанды, жасару, өмір, өсу деген мағынаны береді)*
- *Қызыл түс - (оттың, күннің белгісі)*
- *Қара түс - (жер, түнді бейнелейді)*
- *Сары түс - (ақыл, парасат, байлық, ақ түс-қуаныш, бақыт, тазалық)*
- *Жасыл түс - (жастық, көктем, белгісін білдіреді)*

VI. Топпен жұмыс.

1. *Нұсқаулық жұмыстың мазмұнымен таныстырып беру.*

2. *Қауіпсіздік ережесі.*

Тапсырма.

- *Түрлі-түсті Фетр (қағаздан) мүйіз тектес ою-өрнек түрлерін қиып композиция жасау.*

Оқушылар жасаған жұмыстарын таныстырып шығады

Сергіту сәті:

Музыка ырғағымен ою-өрнектің бейнесін бимен көрсетеміз.



Еңбек құралдарымен жұмыс жасау барысында оқушыларға арналған қауіпсіздік ережелері

Қайшымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері

1. Жұмыс орнында тәртіпті сақтаңыз.
2. Жұмысқа кіріспес бұрын құралдардың жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз.
3. Бос қайшымен жұмыс жасамаңыз.
4. Тек жұмыс істейтін құралдармен жұмыс жасаңыз: жақсы реттелген және қайралған қайшымен.
5. Қайшыны тек жұмыс орнында қолданыңыз.
6. Жұмыс кезінде жүздердің қозғалысын қадағалаңыз.
7. Қайшыны сақиналар өзіңізге қаратып салыңыз.
8. Қайшының сақиналарын алға қарай беріңіз.
9. Қайшыны ашық қалдырмаңыз.
10. Қайшыны қалақтарды төмен қаратып ұстаңыз.
11. Қайшымен ойнауға болмайды, қайшыны бетке алып келуге болмайды.
12. Қайшыны нұсқаулық бойынша қолданыңыз.

Желіммен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері

1. Желіммен жұмыс жасағанда, қажет болса щетканы қолданыңыз.
2. Осы кезеңде жұмысты аяқтауға қажетті желімнің мөлшерін алыңыз.
3. Артық желімді жұмсақ шүберекпен немесе шүберекпен алыңыз, оны абайлап басыңыз.
4. Жұмыстан кейін щеткаңыз бен қолыңызды сабынмен жақсылап жуыңыз

Сабақты бастамас бұрын жұмыс орнын дайындау ережелері

1. Үстелге клеенка, жұмыс тақтасын қойыңыз.
2. Жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды, бұйымдарға арналған қорапты немесе сөмкені дайындаңыз.
3. Жұмыс киімдерін киіңіз.
4. Әрдайым жұмыс киіміңіздің қалтасына шүберек немесе майлық салыңыз.

Сіздің жұмыс орныңызды тазарту ережелері

1. Сабақ өнімін өнім қорабына салыңыз.
2. Үстел мен еденнен сынықтар мен қоқыстарды жинаңыз.
3. Пластинмен жұмыс жасағаннан кейін, егер ол жерде

Сабақтың соңы:

пластилин іздері болса, жұмыс тақтасын стекпен, үстелдің қақпағымен тазалаңыз. Еденге жабыстырылған пластилинді алып тастаңыз - кірді қоқысқа тастаңыз, тазасын қорапқа салыңыз.

4. Құрал-саймандарды және жұмыс үстелінің қақпағын шүберекпен сүртіңіз.

5. Қолыңызды шүберекпен жақсылап құрғатыңыз және сабынмен жуыңыз.

6. Жұмыс киіміңізді шешіңіз.


7. Барлық керек-жарақтарды алып тастаңыз.

VII. Қорытынды

Кері байланыс

Асық әдісі:

1. *Ою-өрнектерді қай жерлерде көрдіңдер?*
2. *Қандай ұлттық бұйымдарда көрдіңдер?*
3. *Ою-өрнек орысша қалай айтылады?*
4. *Тәрбие сағатынан алған әсерлерің қандай?*
5. *Сендер бүгін ашық тәрбие сағатында не үйрендіңдер?*
6. *Ою-өрнек неше түрге бөлінеді?*



Әр оқушыны Қазақтың ғұлама, ақын жазушыларының нақыл сөзі жазылған ашық хатпен мадақтау

- *Балалар, оюдың адам баласына тигізер әсері көп. Ол адамның ойын бір жүйеге келтіреді, денсаулыққа пайдалы жағы да бар. Ол жүйке қызметін ретке келтіруге, ашуды, қайғыны басуға ықпал етеді.*
- *Сонымен, балалар, қазақ халқының салт-дәстүрін ұмытпай, жалғастыруға өз үлестеріңді қосады деген оймен бүгінгі ашық тәрбиелі сағатымызды аяқтаймыз.*
- *Сау болыңыздар!*

Кубикті лақтыру арқылы, асықтың түскен түсі бойынша, сұраққа жауап береді

Меңгерілетін сөздер: Жаңуар тектес, өсімдік тектес, зарыштық, геометриялық, қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, түйе табан, қос қанатты, жауқазын, көбелек, ботакөз, қарға тұяқ, тұмарша.



**9–10 сынып оқушыларын
мамандыққа бағдарлау тиімді жолдары**



ЖҰМАБЕКОВА АҚНҰР ЕРАРЫСҚЫЗЫ

Алматы облысы, Іле ауданы

«М.Мақатаев атындағы №13 орта мектеп» МКМ

педагог-психологі

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы – жасөспірімдердің болашақ өміріне бағыт көрсететін маңызды педагогикалық-психологиялық процесс. Әсіресе 9–10 сынып кезеңінде оқушылардың қызығушылықтары айқындалып, мінез ерекшеліктері тұрақтана бастайды, ал алдағы оқу бағытын таңдау міндеті өзекті сипатқа ие болады. Осындай өтпелі кезеңде мектеп психологының рөлі күшейеді, өйткені мамандық таңдау тек ақпараттық бағыт беруден тұрмайды, ол оқушының тұлғалық қасиеттерін терең зерттеуді, қабілеттерін анықтауды, құндылық бағдарларын түсінуді талап етеді.

Мектеп психологы осы үдерістің үйлестірушісі әрі жетекші маманы болып табылады.

Мамандық таңдаудың тиімділігі – оқушының өзін-өзі тану деңгейімен тікелей байланысты. Егер жасөспірім өзінің қабілетін, қызығушылығын, психологиялық ерекшелігін, мінезін, қарым-қатынас стилін жете түсінсе, кәсіби бағытты саналы таңдауға мүмкіндігі артады. Сондықтан мектеп психологының бірінші міндеті – диагностикалық зерттеу жұмыстарын дұрыс жүргізу. 9–10 сынып оқушыларына арналған диагностиканың құрамына кәсіби қызығушылық тесттері, тұлғалық ерекшеліктерді анықтау сауалнамалары, қабілет карталары, темперамент пен мінез акцентуациясын зерттеу әдістемелері кіреді. Мысалы, Голландтың RIASEC моделі, Климовтың кәсіби типтері, Айзенк темперамент шкаласы, тұлғалық мотивация тесттері – оқушыға өзін жан-жақты тануға көмектеседі. Диагностикалық мәліметтер психологқа жеке кәсіби бағыт беру үшін ғылыми негіз қалыптастырады.

Диагностикадан кейінгі маңызды кезең – кәсіби ақпараттандыру. Бұл жұмыс көбіне сынып жетекшілерімен бірлесе жүргізілсе де, психологтың міндеті – ақпаратты оқушының психологиялық ерекшелігіне бейімдеп беру.

Әрбір мамандық белгілі бір қасиеттерді қажет етеді: аналитикалық ойлау инженерге, коммуникативтілік педагогқа, эмоционалдық тұрақтылық медицина саласына қажет болуы мүмкін. Психолог оқушының тест нәтижелерін ескере отырып, кәсіби ақпаратты нақты, түсінікті түрде түсіндіруі тиіс. Сонымен бірге еңбек нарығындағы өзгерістер, заманауи сұраныстар, цифрлық мамандықтардың көбеюі жөнінде өзектендірілген ақпаратты ұсыну да психологтың кәсіби бағдар жұмысына деген қатысын күшейтеді.

Кәсіби бағдарлаудың тиімді жолдарының бірі – практикалық танысу шаралары. Мектеп психологы оқушылардың таңдаған мамандықтарын тәжірибе жүзінде көруіне жағдай жасауы керек. Бұл – өндірістік экскурсиялар, кәсіпорындармен серіктестік, «бір күндік маман» жобалары, университет зертханаларына саяхат, колледждер мен ЖОО өкілдерімен психологиялық шеберлік сағаттары болуы мүмкін. Практикалық танысу барысында психологтың рөлі – оқушының іс-әрекет барысындағы эмоциялық күйін, қызығушылықтың тұрақтылығын, кәсіби ниетінің беріктігін бақылау. Оқушының «мен бұл салада өзімді елестете аламын ба?» деген ішкі сұрағына жауап табуына психологиялық қолдау көрсету – өте тиімді тәсіл.

Сонымен қатар кәсіби кеңес беру жұмысы ерекше маңызға ие. Кәсіби кеңес – психолог пен оқушы арасындағы жеке жұмыс. Бұл кезеңде диагностикалық қорытындылар талданып, оқушының мықты жақтары, әлеуетті қабілеттері және болашақта дамытуға болатын ресурстары айқындалады. Жасөспірім кейде өз қызығушылығын түсінгенімен, нақты салаға қай бағытпен бару керегін білмей қиналады. Психолог кеңес беру барысында оның ішкі күмәнін сейілтуге, өзіндік шешім жасауға мүмкіндік береді. Кеңесте «маған не ұнайды?», «мен не істей аламын?», «менің қабілетім қай салаға жақын?», «менің темпераментім бұл мамандыққа сай келе ме?» деген сұрақтар талқыланады.

Ата-аналармен жұмыс та кәсіби бағдарлаудың өте маңызды бөлігі. Кей жағдайларда ата-ана өз баласының қалауымен санаспай, өз қалаған мамандығын таңдауға итермелеуі мүмкін. Бұл – жасөспірімнің болашақ кәсіби өміріне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан психолог ата-анамен ақпараттық жиналыстар, тренингтер өткізіп, мамандық таңдаудың психологиялық ерекшеліктері туралы түсіндіруі тиіс. Ата-ананың қолдауы – оқушының шешіміне сенімділік беретін басты факторлардың бірі. Психолог ата-ананы тыңдап, олардың күмәнін сейілтіп, баланың қабілеттеріне сүйене отырып ортақ шешім қабылдауға бағыттайды.

Оқушының тұлғалық құзыреттерін дамыту – кәсіби бағдарлаудың тағы бір тиімді жолы. Мамандық таңдауда тек білім ғана емес, мінездің тұрақтылығы, мақсат қоя білу, өзін-өзі басқара алу, жауапкершілік, коммуникативтілік сияқты қасиеттер үлкен рөл атқарады.

Психолог осы дағдыларды дамытуға арналған тренингтер ұйымдастырады: мақсат қою жаттығулары, эмоцияны басқару техникалары, топтық коммуникация, көшбасшылық қабілетін дамыту ойындары, конфликтіні шешу әдістері. Осындай жұмыстың нәтижесінде оқушы өзіне сенімді болып, болашақ мамандығына да жауапкершілікпен қарайды.

Кәсіби портфолио құру да психологтың жетекшілігімен іске асырылуы тиімді. Портфолиоға оқушының жетістіктері, тест нәтижелері, қызығушылық картасы, шығармашылық жобалары, кәсіби даму жоспары, рефлексия дәптерлері енгізіледі. Бұл материалдар оқушының кәсіби бейнесін қалыптастырумен қатар, өзінің даму жолын бақылауға мүмкіндік береді. Психолог портфолио арқылы оқушының қай бағытқа көбірек қызығатынын, қандай дағдыларды әрі қарай дамыту керектігін анықтай алады.




Пәнаралық байланыс та кәсіби бағдарлауды тиімді етеді. Психолог пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, әр пәннің нақты мамандықтармен байланысын түсіндіруге көмектеседі. Бұл тәсіл оқушының оқуға деген мотивациясын арттырады және «осы пән маған болашақта қажет пе?» деген сұраққа жауап береді.

Қорытындылай келе, 9–10 сынып оқушыларын мамандыққа тиімді бағдарлау – мектеп психологының кәсіби құзыреттілігін талап ететін күрделі әрі жауапты процесс. Жүйелі диагностика, жеке кеңес беру, практикалық танысу, кәсіби ақпараттандыру, ата-анамен жұмыс, тұлғалық құзыреттерді дамыту – осының бәрі оқушының саналы таңдау жасауына ықпал етеді. Мектеп психологы дұрыс бағыт бере алса, жасөспірім болашақ өмірлік жолын сеніммен таңдап, қоғамға қажетті әрі бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасады.

Математика күнделікті өмірде

ТАЙЖАНОВА ЖАНЕРКЕ ЖАҚАНҚЫЗЫ
Жамбыл облысы Шу ауданы
"Өнер мектебі" КМҚК
"Қызықты математика" үйірмесінің жетекшісі

Математика жауһары	Мектеп: "Өнер мектебі" КМҚК
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Тайжанова Жанерке Жақанқызы
Сынып:	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
№4Сабақ.Тақырыбы	Математика күнделікті өмірде
Мақсаты	Күнделікті өмірде математикадан тұратынын білуі тиіс.
Күтілетін нәтижелер	Барлық оқушылар: Күнделікте кездесетін математиканы айтады, мысалдар келтіреді. Көптеген оқушылар: Күнделікте кездесетін математиканы түсіндіреді, мысалдар айтады Кейбір оқушылар: Күнделікті өмірідегі математиканың кездесуі туралы зерттеулер жүргізіп, дәлелдейді.
Бағалау критерийлері	Қарапайым математиканы күнделікті өмірде кездесетінін дәлелдермен көрсетеді; Ұзындық, масса өлшем бірлігін пайдаланып есептерді шешеді Ақшамен сауда жасайды, монеталармен санайды Жылдамдықты табады
Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет


<p>Сабақтың басы</p>	<p>Жұмыс ережесін келісу</p> <p>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</p> <p>Уақытты үнемдейміз!</p> <p>Нақты, дәл жауап береміз!</p> <p>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</p> <p>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Мұғалім оқушылармен бірге бірнеше сұраққа жауап іздеп көреді</p> <p>Математикасыз өмір қалай болатын еді? Елестетіп көрелік. Күнделікті математиканы қай жерде көбірек қолданасың?</p> <p>№1 тапсырма. Дескриптор: Ұзындығымен енін өлшейді;</p> <p>Периметрін табады; Гүлзарлар туралы пікірлерін айтады</p> <p>Гүлзардың ұзындығы мен енін өлше. Периметрін тап.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: flex-end; margin-top: 20px;"> <div style="text-align: center;">  <div style="border: 1px solid orange; padding: 2px; width: fit-content; margin: 5px auto;">P=</div> </div> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  <div style="border: 1px solid purple; padding: 2px; width: fit-content; margin: 5px auto;">P=</div> </div> </div> <p>Гүлзарлар не үшін қажет?</p> <p>2 тапсырма Шартын құрып, есепті шығар. Жұптық жұмыс</p> <p>Дескриптор:</p> <p>Шартын құрады;</p> <p>Сұрақ қояды;</p> <p>Өрнек құрастырады;</p>

Мәнін табады;

Жауабын жазады.

Бірінші ағаш 156кг алма жемісін берді, ал екіншісі 243 кг алма берсе , үшінші ағаш екі алма ағашының жемісін қосқанда 3 есе кем жеміс берді. Үшінші ағаш неше килограмм жеміс берді?

Балалар қысқа алманы қалай сақтауға болады? Қандай алма ұзақ сақталады? Алма жинап көрдіңіздер ме?



№3 тапсырма

Дескриптор:

Шартын құрады;

Сұрақ қояды;


Өрнек құрастырады;

Мәнін табады;

Жауабын жазады.

Жамбыл ауылы мен Қордай ауылының арақашықтығы 35 км. Жамбыл ауылынан шыққан жеңіл машина 7 минутта Қордай ауылына жетеді. Жеңіл машинаның жылдамдығын тап.



	<p>№4 тапсырма Топтық жұмыс</p> <p>Дескриптор:</p> <p>Шартын құрады;</p> <p>Сұрақ қояды</p> <p>Өрнек құрастырады</p> <p>Мәнін табады</p> <p>Монеталармен санайды</p> <p>Жауабын жазады</p> <p>Жауабын жазады.</p> <p>Айбарға анасы 500теңге берді. Ол дүкеннен 55теңгеге нан, 124теңгеге сүт, 130теңгеге қант алды. Тағы өзіне 5теңгеге сағыз және 25 теңгеге балмұздақ алды. Айбар дүкеншіге қанша беру керек? Айбардың ақшасы жете ме? Айбарда неше теңге қалады?</p> <p>Монеталармен сана.</p> 
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Ойтолғаныс кезеңі.</p> <p>Математика күнделікті өмірде</p> <p>Қала халқының санын он мыңдықтарға дейін дөңгелекте. Ауыл тұрғындарын жүз мыңдықтарға дейін дөңгелекте.</p> <p>1 қаңтар 2019 жылғы көрсеткіш бойынша Қазақстан Республикасының халық саны.</p> <p>Қала 10 353 000 = 10 000 000</p> <p>Ауыл 7 656 500 = 7 700 000</p>



«Бас бармақ» кері байланыс.



Everyday objects

БАЙМІШ АСЫЛАЙ БОЛАТҚЫЗЫ

Атырау қаласы

"Жалпы білім беретін

Алмалы орта мектебі" КММ

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Unit 2 Communication and Technology	lesson 5	
Teacher`s name:	Baimish A.B	
Date:	1.10.2025	
Grade: 7	Number present:	absent:
Lesson title	Everyday objects	
Learning objectives	7. 2. 3. 1 understanding some part of the argument with a little help in an extended conversation in general and in a learning-limited environment; 7. 3. 2. 1 asking complex questions to obtain information within a number of general and educational topics;	
Lesson objectives (assessment criteria)	Learners will be able to: - Learn vocabulary for everyday objects. - Do a questionnaire about personal possessions	
Instilling values of the program "Birtutas tarbiye"	Honesty and fairness Unity and solidarity Diligence and professional competence – respect Justice and Responsibility Independence and Patriotism Perseverance and hard work	

Stages/ Time	Teachers actions	Students actions	Assessment	Resources
Beginning 5 min	<p>Greeting.</p> <p>T tells the class to make groups of 2.</p> <p>Warm up:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Ask students to name some things they have with them today (e.g., phone, bag, keys). -Write these possessions on the board to activate prior knowledge. <p>Vocabulary Presentation</p> <ul style="list-style-type: none"> -Introduce vocabulary related to common possessions (e.g., watch, wallet, backpack, laptop). -Use pictures or realia if possible. <p>Drill pronunciation and check meaning</p>	<p>Learners read the given sentences on the board and guess the topic and share with their ideas.</p> <p>Remember and recognize the main vocabulary.</p>	<p>Teacher evaluate pupils with phrases like: “Good job! Well done!”</p> <p>Formative Assessment</p>	
Middle 10 min	<p>Ex: 1 P: 20</p> <p>Introduce the Activity</p> <ul style="list-style-type: none"> -Direct students to the photos on page 9. -Explain that they will match the objects’ names to the photos. <p>Individual Matching</p> <ul style="list-style-type: none"> -Students work individually to match each object with the correct photo. <p>Pair Work Support (for Weaker Classes)</p> <ul style="list-style-type: none"> -In a weaker class, have students compare their answers with a partner before the class check. -This encourages peer support and discussion. <p>Class Feedback and Listening Check</p> <ul style="list-style-type: none"> -Play the CD recording of the object names. -Students listen and check 	<p>Learners match the words in the box with the objects. Then listen and check.</p> <p>ANSWERS</p> <p>a mobile phone b ticket c bus pass d wallet e clothes f mp3 player g money h keys i ID card j bag</p>	<p>Descriptor:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Identify and name everyday personal items from photos. - Listen for specific vocabulary and match it with images. <p>Values of the program “Birtutas tarbiye” – Creativity and Innovation</p>	Student’s book

	<p>their answers against the audio.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Confirm correct matches as a class. <p>Pronunciation Practice</p> <ul style="list-style-type: none"> -Model the pronunciation of any difficult words. -Drill the class as needed for accurate pronunciation and intonation. <p>Differentiation</p> <ul style="list-style-type: none"> - Allow students to work in pairs to match items before checking as a class. 			
